

Анықтама

2025–2026 оқу жылындағы «№17 мектеп-гимназиясы» КММ Қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы

2025–2026 оқу жылы ішінде «№17 мектеп-гимназиясы» КММ Қамқоршылық кеңесі бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өз қызметін жүйелі түрде жүзеге асырып, мектептің оқу-тәрбие үдерісіне, қоғамдық, әлеуметтік және қайырымдылық бағытындағы іс-шараларға белсенді атсалысты.

Мектептегі тамақтануды ұйымдастыруға қоғамдық бақылау жүргізу

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Мұхамедрахимова Анаргүл Хайыржанқызы және кеңес мүшелері мектеп асханасында әлеуметтік санаттағы білім алушылардың тамақтану сапасына қоғамдық мониторинг жүргізуге, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын бақылайтын бракераж комиссиясының жұмысына тұрақты түрде қатысты.

2025 жылғы қыркүйек пен 2026 жылғы мамыр аралығында:

- мектеп асханасының тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясы 9 тексеру өткізді;
- бракераж комиссиясы 18 тексеру жүргізді.

Тексеру қорытындылары бойынша жасалған актілер мектептің ресми сайтында жарияланып отырды.

«Адал азамат – Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясындағы жұмыс:

Мектептің Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес және Қамқоршылық кеңесінің қолдауымен 1-сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «Жас ата-ана мектебі» өз жұмысын бастады. 2025 жылғы 20 қыркүйекте жоба аясындағы алғашқы кездесу ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – ата-аналар мен балалар арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайту, отбасы мен мектептің ынтымақтастығын дамыту және ата-аналардың тәрбиелік құзыреттілігін арттыру.

Бағдарлама барысында қатысушылар таңғы сергіту жаттығуын орындап, психологиялық тренингке қатысып, кофе-брейк форматында еркін пікір алмасты. Сонымен қатар спорттық эстафеталар ұйымдастырылып, ата-аналар мен балалар бір команда болып сайысқа түсті.

«Жас ата-ана мектебінің» алғашқы кездесуі ата-аналардың өзара тәжірибе алмасуына, балаларымен сенімді қарым-қатынас орнатуына және мектеппен серіктестік байланысын нығайтуға оң ықпал етті.

Тәрбиелік іс-шараларға қатысу:

Ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмысы аясында «Менің отбасым – менің байлығым» атты Отбасы күніне арналған іс-шара және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Толағай» отбасылық спорттық сайысы өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайту, сондай-ақ спорт арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Жарыс барысында ата-аналар мен балалар бір команда құрамында белсенділік танытып, ұйымшылдық пен өзара қолдаудың жарқын үлгісін көрсетті. Іс-шара барлық қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй мен жағымды әсер сыйлады.

Халықаралық отбасы күніне орай мектепте «Отбасым – бақыт мекенім» тақырыбында Open Space форматындағы диалог алаңы ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – отбасылық құндылықтарды насихаттау, үш ұрпақ сабақтастығын нығайту, оқушылардың үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық көрсету қасиеттерін дамыту.

Іс-шара үш кезеңнен тұрды.

Бірінші кезеңде Көкшетау қалалық Аналар кеңесінің төрайымы Жазиева А.С. қатысушыларды іс-шараның мақсат-міндеттерімен таныстырып, отбасы құндылықтары, ұлттық дәстүрлер және отбасының басты міндеті – бала тәрбиесі туралы мазмұнды баяндама жасады.

Екінші кезеңде «Үш ұрпақ әңгімесі» атты диалог алаңын Ақмола облыстық Аналар кеңесі төрайымының орынбасары, №17 мектеп-гимназиясының Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, көпбалалы ана Мұхамедрахимова Анаргүл Хайыржанқызы жүргізді. Диалогқа ата-аналар, ата-әжелер және оқушылар белсенді қатысып, өз пікірлері мен өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Ата-әжелер жас ұрпаққа тағылымды әңгімелер айтып, ұлттық тәрбие, адамгершілік және рухани құндылықтардың маңыздылығы жөнінде өнегелі ойларын жеткізді.

Мектептің қоғамдық өміріне қолдау көрсету:

Оқу жылы бойы Қамқоршылық кеңесі сынып жетекшілеріне тәрбиелік, мәдени-көпшілік, патриоттық және спорттық бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыруда тұрақты қолдау көрсетті.

Сонымен қатар, қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі түрлі байқауларға, олимпиадаларға, жарыстарға және мәдени іс-шараларға қатысатын оқушыларды тасымалдау үшін автокөлікпен қамтамасыз етуге жәрдемдесті.

Қорытынды:

2025–2026 оқу жылында Қамқоршылық кеңесі мектептің қоғамдық өміріне белсенді араласып, білім беру ұйымы мен ата-аналар қауымдастығы арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтуға, білім алушылардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға елеулі үлес қосты.

Қамқоршылық кеңесі мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, тәрбиелік жобаларды жүзеге асыруға, қайырымдылық және әлеуметтік қолдау шараларын ұйымдастыруға, сондай-ақ білім алушылардың қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасында тәрбиеленуі мен дамуына бағытталған жұмыстарға белсенді қатысып отырды.

Жалпы, Қамқоршылық кеңесінің 2025–2026 оқу жылындағы жұмысы жоспарға сәйкес толық көлемде орындалып, мектеп пен ата-аналар арасындағы серіктестік байланысты нығайтуға және тәрбиелік жұмыстың тиімділігін арттыруға оң ықпалын тигізді.

https://www.instagram.com/reel/DO0BGkJDDsl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==https://www.instagram.com/reel/DO0BmwYDN3K/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==https://www.instagram.com/reel/DOnJATECnR3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==https://www.instagram.com/reel/DP3xrQeDuzA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==https://www.instagram.com/reel/DU7qZ9Qijr7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==https://www.instagram.com/reel/DYWMqiPK_aV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==